

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті
Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 573 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті
Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А.Мамин

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына өзгеріс
пен толықтыру енгізу туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., №11, 120-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік комиссияның міндеті:

1) Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру, теңгерімдік құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мелшерінен асатын мемлекеттік ұйымдарды және ұлттық басқарушы холдингтердің және олармен үлестес өзге де заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді ұйымдарын, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының бәсекелес ортаға беруге жататын еншілес және тәуелді ұйымдарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан дағдарысқа қарсы бөлінген қаражатты қайта пайдалану;

2) экономиканың шетелдік капитал қатысуы ықтимал жекелеген секторларының тізбесін айқындау, сондай-ақ экономиканың осы секторларында қызметін жүзеге

асыратын заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 %-тен астамын сату мәселелері бойынша ұсынымдық шешімдер әзірлеу болып табылады.";

б-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) экономиканың шетелдік капитал қатысуы ықтимал жекелеген секторларының тізбесін айқындайды және экономиканың осы секторларында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10%-тен астамын сату мәселелері бойынша ұсынымдық шешімдер шығарады;" .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ.Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК